



050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5  
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5  
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

**БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ**

**САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

**ҚАУЛЫСЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

**2020 ж. 03.07 №46**

**№46 от 03.07.2020 г.**

**Алматы қаласының аумағында  
қатаң шектеу шараларын  
енгізу туралы**

Халық арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдыналу мақсатында, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кездешектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына және «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына, «Қатаң шектеу шараларын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 2 шілдедегі №44 қаулысына сәйкес,  
**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласының аумағында 2020 жылғы 5 шілде сағат 00.00-ден 2020 жылғы 20 шілде сағат 00.00-ге дейін қатаң шектеу шаралары енгізілсін.

2. Алматы қаласының әкімдігіне, Алматы қаласы қалалық мобильдік басқармасына:

1) қалааралық автобус тасымалдарына тоқтату;

02166

2) толтырылуы 50%-дан аспайтын қала маңындағы автобустардың жұмысын қамтамасыз ету;

3) толтырылуы 50%-дан аспайтын қалалық қоғамдық көліктің, оның ішінде Метрополитеннің жұмысын қамтамасыз ету;

4) қала маңындағы және қалалық қоғамдық көліктің, оның ішінде Метрополитеннің, сенбі және жексенбі күндері жұмысын толық тоқтату;

5) күн сайын қоғамдық көліктерді дезинфекциялауды әр айналымның жүйелілігімен қамтамасыз ету.

**3. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары, Алматы қаласының полиция департаменті, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар, Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілері қамтамасыз етсін:**

1) Осы қаулының 3 тармағының 8 тармақшасына сәйкес, меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарда жиналыстар, кеңестер, конференциялар, форумдар, семинарлар, съездер, көрмелер, тренингтер, оқыту курстарын және адамдар көп жиналатын басқа да іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлар, мерейтойлар, еске алу рәсімдері т.б.), соның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын басқа да іс-шараларды, соның ішінде ашық ауада өткізуге тыйым салу;

2) мәдениет объектілерінің, мұражайлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметіне тыйым салу;

3) діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметін тоқтату;

4) балаларды сауықтыру лагерьлерінің, білім беру орталықтарының, балалардың түзету кабинеттерінің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің (кезекші топтардан басқа), балалардың демалу орындары мен қосымша оқыту орындарының қызметін тоқтату;

5) ұлттық олимпияда комитеті акредиттеген спорт базарларын қоспағанда барлық спорт объектілерінің (спорт алаңдары, кешендер, үйірмелер, секциялар бассейндер және т.б.) қызметіне тыйым салу;

6) қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар мен кәсіпорындар қызметкерлерінің тұратын объектілерін қоспағанда, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халықтың (қонақ үйлер, демалыс үйлері, туристік базалар және т.б.) тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы туризм объектілері мен ұйымдардың қызметіне рұқсат беру. Көрсетілген объектілерді медициналық ұйымдар етіп қайта бейіндеуге жол беріледі;

7) 65 жастан асқан адамдардың қозғалысын шектеу;

8) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелерімен ойын-сауық объектілерінсіз саябақтарға, алаңдар мен скверлерге, жағалауларға және халықтың басқа да демалыс орындарына баруға рұқсат беру;

9) 3 адамнан аспайтын жеке немесе бір отбасы мүшелерін қоспағанда, табиғатқа экскурсиялық, корпоративтік, топтық шығуларды өткізуге тыйым салу.

10) ашық ауада жеке жаттығуларға рұқсат;

11) өңірлер арасында жеке автокөліктің жүріп-тұруына рұқсат беру.

#### **4. Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілерінің басшылары қамтамасыз етсін:**

1) саудаойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, оларда орналасқан азық-түлік супермаркеттерін, дәріханаларды және жазғы террасалары мен жеке кіретін есігі бар стационарлық тамақтану объектілерін қоспағанда, қызметіне тыйым салу;

2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, кальян, бильярд, компьютерлік клубтар, букмекерлік кеңселер, түнгі клубтар, боулинг-орталықтары, аттракциондар, балалардың ойын алаңдары, батуттар және басқалар), кинотеатрлар қызметіне тыйым салу;

3) фудкорттар, банкет залдарының қызметіне тыйым салу;

4) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, Ұжымдық іс-шараларды өткізбей, залда 30-дан аспайтын отыратын орын орнатумен ашық ауада және үй-жайда қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беру. Шығаруға және жеткізуге рұқсат етіледі;

5) СПА-орталықтардың, жаттығу залдарының, фитнес-орталықтардың, спорттық-сауықтыру орталықтарының, бассейндердің, қалалық, қоғамдық жағажайлардың, аквапарктердің, қоғамдық моншалардың, сауналардың, сұлулық салондарының, шаштараздардың, косметикалық және косметологиялық қызмет көрсететін орталықтар мен салондардың, маникюр мен педикюр қызметтерін көрсететін массаж кабинеттерінің қызметіне тыйым салу;

6) жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың қызметіне тыйым салу;

7) жеткізу қызметін қоспағанда, 500 м<sup>2</sup>-тан асатын азық-түлік емес дүкендердің қызметіне тыйым салу;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектеулі Қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;

9) Қызметкерлердің кемінде 50%-ын қашықтан жұмыс режиміне ауыстыра отырып және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, онлайн форматта барынша қызмет көрсете отырып, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысын сағат 09.00-ден 16.00-ге дейін ұйымдастыру;

10) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, онлайн режимде көрсетілмейтін қызметтер үшін жұмыс күндері сағат 8.00-ден 14.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, «Қазпочта» АҚ жұмысын ұйымдастыру;

11) үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметі; күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, ашық ауадағы құрылыс жұмыстары;

12) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халыққа байланыссыз қызмет көрсету жөніндегі объектілердің (автомобиль жуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу, химиялық тазалау және басқалар) қызметін сағат 10:00-ден 17:00-ге дейіншектеу;

13) жұмыс және демалыс күндері жұмыс кестесін белгілей отырып, бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері және т.б.), айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысын ұйымдастыру сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін;

14) аймақтау талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, медициналық орталықтардың (жазба бойынша) қызметіне рұқсат беру;

15) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, дәріханалардың, азық-түлік дүкендерінің (шағын маркеттер, супермаркеттер, гипермаркеттер), азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың (ғимараттардан тыс) қызметіне рұқсат беру.

**5. Мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің басшылары қамтамасыз етсін:**

1) кемінде 80% қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеу нысанына ауыстыру (штат кестесі 30-дан астам қызметкер болғанда);

2) әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау, аудандарға бөлу талаптарын сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша қызметтер көрсету;

3) қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдардың басшылары осы мәселені жеке тәртіпте шешсін.

**6. Алматы қаласының әкімдігі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті (мемлекеттік органдар бөлігінде). Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары, Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы осы қаулының 5 тармағы 1 тармақшасы талаптарының орындалуына мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етсін.**

**7. Алматы қаласының әкімдігі, мемлекеттік органдар, ұйымдар, құқық қорғау және арнайы органдар қамтамасыз етсін:**

1) қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық, медициналық-әлеуметтік объектілерде, балалар үйлерінде, жасөспірімдер үйлерінде, оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау;

2) Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті осы қаулының 7 тармағының 1

тармақшасында көрсетілген ұйымдарда ПТР профилактикалық тестілеуді өткізуді жоспарына енгізсін.

#### **8. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, кәсіпорындардың басшылары:**

1) Маска, қолғап кию (халыққа қызмет көрсету кезінде) және антисептиктерді қолдану талаптарын қатаң сақтау. Халыққа қызмет көрсететін объектілерді бір реттік маскалар, қолғаптар және температураны өлшейтін құралдармен қамтамасыз етсін;

2) Барлық объектілерде күшейтілген дезинфекциялық режимді (қолды, өңдеуге арналған санитайзерларды, дезинфекциялық төсеніштерді орнату, күніне кемінде екірет жанасатын беттерді өңдеу, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып үй-жайларды ылғалды жинау, желдету) қамтамасыз етсін;

3) Персоналдар және келушілердің санитариялық-карантиндік және шектеу шараларының талаптарын сақтауын қамтамасыз етсін.

**9. Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы аптасына 2 рет көп пәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістері мен аула аумақтарына, сондай-ақ көшелер мен жалпы пайдаланылатын орындарға, көп пәтерлі тұрғын үйлердің ошақтық кіреберістеріне дезинфекциялық өңдеу жүргізуді қамтамасыз етсін. «Алматы қаласы бойынша дезинфекция орталығы»«ҰСО»ШЖҚ РМК филиалы жұқтырған адамның тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша қорытынды дезинфекциялық өңдеу жүргізуді қамтамасыз етсін.**

**10. Алматы қаласының полиция, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменттері, Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары, Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы қолданыстағы нысандар мен қоғамдық орындарда шектеу шараларының сақталуын бақылау мен мониторингті қамтамасыз етсін. Бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қолданылсын.**

#### **11. Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына:**

1) жұмыс және қоғамдық орындарда (сауда объектілері, көшелер, саябақтар, әуежай және т. б.), қоғамдық көлікте маскалық режимді және әлеуметтік қашықтықты сақтау;

2) адамдарды шақыруға және көп жинауға байланысты кез-келген іс-шараларды өткізуге тыйым салу (туған күндер, мерейтойлар, тойлар, еске алу және т.б.).

**12. Алматы қаласы әкімі аппаратының қоғаммен байланыс қызметі, Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасы, Алматы қаласының төтенше жағдайлар департаменті, Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары және басқа да мүдделі органдар қабылданған шаралар жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.**

**13. Алматы қаласының әкімдігі мен Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау**

департаменті қабылданған шараларды Алматы облысымен үйлестіруді қамтамасыз етсін.

**14. Күшіжойылды дептанылсын:**

- 1) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 мамырдағы №28 қаулысы.
- 2) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 17 мамырдағы №29 қаулысы.
- 3) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №31 қаулысы.
- 4) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 28 мамырдағы №32 қаулысы.
- 5) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №34 қаулысы.
- 6) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №35 қаулысы.
- 7) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 01 маусымдағы №37 қаулысы.
- 8) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 02 маусымдағы №38 қаулысы.
- 9) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 маусымдағы №40 қаулысы.

15. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

16. Осы қаулы Алматы қаласының аумағында меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

17. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

18. Осы қаулы 2020 жылғы 5 шілдеде 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Ж. Бекшин**